Дәрі-дәрмектік бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігінің дамуы препараттың дозасын біртіндеп төмендету арқылы азайтылуы мүмкін.

Салыстырмалы жеткіліксіздіктің бұл түрі емдеу аяқталғаннан кейін бірнеше ай ішінде байқалуы мүмкін, сондықтан осы кезеңдегі кез-келген стресстік жағдайларда гормондармен емдеуді қайта тағайындау керек.

Кортикостероидтармен ұзақ емдеген кезде бүйрекүсті безі қыртыстарының атрофиясы дамуы мүмкін, ол емдеуді тоқтатқаннан кейін бірнеше ай бойы сақталуы мүмкін. Егер жүйелі кортикостероидтар 3 аптадан астам уақыт бойы азғана дозада (шамамен 6 мг метилпреднизолон) қабылданса, онда препаратты қабылдауды

тоқтату бүйрекүсті безі қыртыстарының қалпына келуі үшін біртіндеп жүргізілетін болады. Егер ол 3 аптадан аз уақытқа созылса және қайталанудың даму ықтималдығы аз болса, кортикостероидтармен емдеуді күрт тоқтатуға болады. 3 апта бойы қабылданған метилпреднизолонның 32 мг күнделікті дозасын бірден тоқтатуға пациенттердің көбінде бүйрекүсті бездері қыртысының клиникалық тұрғыдан едәуір бәсеңдеуіне әкелмеуі тиіс.

Жүйелі кортикостероидтармен емдеуді біртіндеп тоқтату қажет (емдеу курсы 3 аптадан кем болса да):

- кортикостероидтардың қайталанған курстарында, әсіресе егер ем 3 аптадан артық жүргізілсе;
- егер ұзақ емді тоқтатқаннан кейін бір жыл ішінде (бірнеше ай немесе тіпті бір жыл) қайта қысқа емдеу курсы тағайындалған болса;
- егер кортикостероидтардан басқа, бүйрекүсті жеткіліксіздігінің дамуына басқа да себептер болса. Глюкокортикоидтарды қолдануды күрт тоқтату кезінде бүйрекүсті безінің жедел жеткіліксіздігі өлімге әкелуі мүмкін;
- жүйелі кортикостероидтардың 32 мг-нан артық күндізгі дозасында;
- дозаларды бір күн ішінде, соның ішінде кешке бірнеше рет қабылдаған кезде.

Бүйрекүсті безінің дәрі-дәрмектік жетіспеушілігі дамығанда минералокортикоидтардың алмасуын бақылайтын гормондардың өндірілуі бұзылуы мүмкін, сол себепті тұздардың және/немесе минералокортикоидтардың қатар тағайындалғаны жөн болады.

Слидерон препаратын қабылдауды күрт тоқтатқаннан кейін, тәбеттің болмауы, жүрек айнуы, құсу, сылбырлық, бас ауруы, қызба, буындардың ауыруы, терінің қабыршақтануы, бұлшықеттің ауыруы, салмақ жоғалту және/немесе қан қысымының төмендеуі сияқты симптомдармен көрінетін "тоқтату синдромы" дамуы мүмкін. Бұл глюкокортикоидтардың төмен мөлшерінен емес, оның деңгейінің күрт өзгеруі салдарынан болады. Глюкокортикоидтар Кушинг синдромын туындатуы немесе ағымын нашарлауы мүмкін, сондықтан Кушинг ауруы бар пациенттерге әдетте глюкокортикоидтар тағайындалмайды. Гипотиреоз шеңберінде жүйелі кортикостероидтарды қолданған кезде организмнің жай-күйін жиі бақылау қажет етіледі.

Ең төменгі демеуші дозаны таңдау үшін дозаны біртіндеп төмендету қажет.

*Метаболизм және тамақтанудың бұзылыстары:* метилпреднизолонның қандағы глюкоза деңгейін жоғарылатуы, қант диабетінің ағымын нашарлатуы мүмкін. Қант диабеті жүйелі кортикостероидтармен ұзақ емдеуге бейім және жай-күйді жиі бақылауды қажет етеді.

*Психикаға әсері:* кортикостероидтармен емдеу кезінде эйфориядан, ұйқысыздықтан, көңіл-күйдің өзгеруінен, тұлғаның өзгеруінен

және ауыр депрессиядан бастап айқын психоздық симптомдарға дейінгі психикалық бұзылыстар пайда болуы мүмкін. Бұрыннан бар эмоциялық тұрақсыздық немесе психоздық тенденциялар кортикостероидтармен де ушығуы мүмкін.

Жүйелік стероидтарды қолданған кезде әлеуетті ауыр психикалық жағымсыз реакциялар туындауы мүмкін.

Симптомдар әдетте емді бастағаннан кейін бірнеше күн немесе апта аралығында пайда болады. Үлкен дозаларда, дозаның шамасы реакцияның түрін, ауырлығын немесе ұзақтығын әрдайым айқындамаса да, психикалық бұзылулардың даму қаупі артуы мүмкін. Дозаны азайтқаннан кейін немесе препаратты қолдануды тоқтатқан соң, реакциялардың басым бөлігі өздігінен өтеді, бірақ кейде арнайы ем қажет болуы мүмкін.

Жиілігі белгісіз кортикостероидтарды қабылдауды тоқтатқаннан кейінгі психологиялық әсерлер туралы *хабарланды*.

Пациенттерге / күтім жасайтын адамдарға, егер үрейлі психологиялық симптомдар туындаса, әсіресе көңіл-күйдің төмендеуіне немесе суицидтік ойларға күдік болса, дәрігерге қаралуға кеңес беру керек.

Пациенттер/күтім жасайтын адамдар жүйелік стероидтардың дозасын төмендету / қабылдауды тоқтату кезінде немесе одан кейін бірден туындауы мүмкін ықтималды психикалық бұзылыстарға дайын болуы керек, дегенмен мұндай реакциялар туралы сирек хабарланған.

*Жүйке жүйесіне әсері:* кортикостероидтарды құрысу бұзылыстары бар пациенттерде сақтықпен қолдану керек. Кортикостероидтарды миастениямен ауыратын пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Кортикостероидтар жайылған склероздың асқынуын емдеу үшін тиімді екендігі туралы деректер бар, бірақ олар соңғы нәтижеге немесе аурудың табиғи барысына әсер етпеді және елеулі әсер алу үшін кортикостероидтардың салыстырмалы үлкен дозалары қажет.

Эпилепсия және миастения кезінде жүйелі кортикостероидтарды қолданған кезде дәрігердің жиі бақылауы қажет.

Кортикостероидтардың үлкен дозаларын ұзақ қабылдағаннан кейін омыртқа өзегінде майдың жинақталуы туралы хабарламалар бар (эпидуральді липоматоз).

*Көру мүшесі тарапынан әсерлер:* қарапайым герпес вирусынан туындаған көзге зақым келген кезде кортикостероидтарды сақтықпен қолдану керек, өйткені бұл ретте мөлдір қабық тесілуі мүмкін.

Кортикостероидтарды ұзақ қолдану артқы субкапсулярлық катарактаға және ядролық катарактаға (әсіресе балаларда), көздің патологиялық бадыраюына (экзофтальм), көзішілік қысымның жоғарылауына, глаукомаға, көру жүйкесінің зақымдануына әкелуі мүмкін. Көздің салдарлы зендік және вирустық ауруларының даму ықтималдығы

артуы мүмкін. Кортикостероидтармен емдеу хориоретинопатия туындатуы мүмкін, бұл торлы қабықтың ажырауына әкелуі мүмкін.

#### *Визуалды бұзылулар*

Кортикостероидтарды жүйелі және жергілікті қолдану кезінде көру қабілетінің бұзылуы байқалуы мүмкін. Егер пациентте көрудің бұлыңғырлануы немесе басқа көру қабілетінің бұзылулары сияқты симптомдар пайда болса, ықтималды себептерді бағалау үшін пациентті офтальмологқа жіберу керек, олардың ішінде катаракта, глаукома немесе жүйелік және жергілікті кортикостероидтарды қолданғаннан кейін байқалатын орталық серозды хориоретинопатия (ОСХР) сияқты сирек кездесетін аурулар болуы мүмкін.

*Жүрек және қан-тамырлары тарапынан әсерлер:* егер жүрек-қан тамыр жүйесінің бұзылу қаупі факторлары болса, кортикостероидтардың жоғары дозалары мен емдеудің ұзақ мерзімді курстарын қолдану қандағы липидтердің (майлардың) арақатынасының өзгеруін және қан қысымының жоғарылауын туындатуы мүмкін.

Мұндай пациенттерде жүрек қызметінің бұзылу қаупін ескере отырып, кортикостероидтарды сақтықпен қолдану, қауіп дәрежесіндегі өзгерістерге назар аудару және қажет болған жағдайда қосымша кардиомониторинг жүргізу қажет. Кортикостероидтардың азғана дозаларын күнара қолданғанда асқынулардың даму ықтималдығы аз. Іркілісті жүрек жеткіліксіздігі кезінде жүйелі кортикостероидтарды сақтықпен және аса қажет болған жағдайда ғана қолдану керек.

Жақында миокард инфарктісін бастан өткерген пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды қолдану қажеттілігін қарастыру кезінде ерекше назар аудару қажет (миокардтың жарылуына байланысты), бұл жағдайда жай-күйіне жиі мониторинг жүргізу қажет. Дигоксин сияқты кардиоактивті препараттарды қабылдайтын пациенттерде тұз/калий жоғалуы мүмкін.

Қан қысымы жоғарылаған кезде организмнің жай-күйіне жиі бақылау қажет етіледі және жүйелі кортикостероидтарды қолдану туралы мәселені қарастыру кезінде ерекше назар аудару керек.

Кортикостероидтарды қолдану кезінде веналық тромбоэмболияны (ВТЭ) қоса, тромбоз жағдайлары туралы хабарланған, сондықтан тромбоэмболиялық аурулардан зардап шегетін немесе бейімділігі бар пациенттерде кортикостероидтарды сақтықпен қолдану қажет.

*Асқазан-ішек жолына әсері:* кортикостероидтардың жоғары дозалары жедел панкреатиттің дамуын туындатуы мүмкін. Глюкокортикоидтармен емдеу асқазан-ішек жолдарының пептидтік ойық жарасының (асқазан шырышты қабатының және он екі елі ішектің бастапқы бөлімдерінің дефектілері) симптомдарын бүркемелеуі

мүмкін, бұл жағдайда ойық жараның тесілуі немесе қан кету айқын ауырсынусыз дамуы мүмкін.

Глюкокортикоидтармен емдеу перитонит, перфорация (тесілу) немесе асқазан-ішек жолдарының басқа да бұзылыстарымен байланысты симптомдар мен белгілер, мысалы ішектің бітелу симптомдары немесе ұйқы безінің қабынуы сияқты құрсақ қуысының ауыр жағдайларының жойылған көрінісін бере алады.

Егер тесілу, абсцесс немесе басқа іріңді инфекцияның даму қаупі болса, сондай-ақ дивертикулит, жаңа ішек анастомоздары және белсенді немесе жасырын пептидтік ойық жара болса, кортикостероидтарды спецификалық емес ойық жаралы колит кезінде сақтықпен қолдану керек.

Қабынуға қарсы стероидты емес препараттармен (КҚСП) біріктірілгенде, АІЖ ойық жарасының даму қаупі артады.

*Бауыр жәнге өт шығару жолдарына әсері:* бауыр циррозы бар пациенттерде кортикостероидтар әсері айқындылығының артуы байқалады.

Бауыр жеткіліксіздігі немесе бауыр циррозы бар пациенттерде жүйелі кортикостероидтарды қолдану туралы мәселені қарастырған кезде бұл пациенттердің жай-күйіне жиі мониторинг жүргізу қажет.

Метилпреднизолонды циклдік, вена ішіне, сорғалатып енгізудің үлкен дозалары (әдетте тәулігіне 1 г дозада жайылған склероздың асқынуларын емдеген кезде), көбінесе бірнеше аптадан кейін және одан кейінгі кезеңде жедел гепатиттің уытты түрін тудыруы мүмкін. Емдеуді тоқтатқаннан кейін, әдетте жақсару байқалды, бірақ кейде бауырдың күрделі зақымдануы жедел бауыр жеткіліксіздігіне және өлімге әкелуі мүмкін. Егер уытты гепатит дамиды болса, метилпреднизолонды вена ішіне енгізуді тоқтату және алдағы уақытта уытты гепатиттің қайталануының алдын алу үшін оның венаішілік жоғары дозаларын тағайындаудан аулақ болу қажет.

*Тірек-қимыл аппаратына әсері:* кортикостероидтардың жоғары дозаларын қолданған кезде көбінесе жүйке-бұлшықет аурулары (мысалы, миастения гравис кезінде) бар пациенттерде немесе антихолинергиялық препараттармен (панкурониямен) біріктіріп емдеу кезінде жедел атрофия және бұлшықеттердің бұзылуы (миопатия) жиі байқалды. Жедел миопатияның үдеуі кезінде ол көз бұлшықеттері мен тыныс алу ағзаларының жүйесіне таралып, аяқ-қол парезіне әкелуі мүмкін. Креатинкиназа деңгейінің жоғарылауы байқалуы мүмкін.

Кортикостероидтарды қолдануды тоқтатқаннан кейін жақсаруға немесе қалпына келтіруге бірнеше апта немесе жыл қажет болуы мүмкін.

Остеопороз глюкокортикоидтардың жоғары дозаларын ұзақ уақыт қолданумен байланысты жиі, бірақ сирек диагностикаланған жағымсыз әсер болып табылады.

*Бүйрек және зәр шығару жолдарының аурулары:* склеродермия кезінде бүйрек кризі туындауының жоғарылау қаупі бар.

Жүйелік склеродермиясы бар пациенттерде сақтықпен қолдану қажет, өйткені кортикостероидтарды, соның ішінде метилпреднизолонды қолданғанда склеродермияны, бүйрек жеткіліксіздігін, артериялық гипертензияны және несеп шығарудың төмендеуін қамтитын өлімге әкелетін реакциялар байқалды.

Бүйрек жеткіліксіздігі кезінде кортикостероидтарды сақтықпен қолдану қажет.

#### *Лабораториялық зерттеулер*

Гидрокортизон мен кортизонның орташа және жоғары дозалары артериялық қысымды арттыруы, тұздың, су және калий шығарылуын күшейтуі мүмкін. Мұндай әсерлер жоғары дозаларда қолданылатын жағдайларды қоспағанда, синтетикалық туындыларды пайдаланған кезде ықтималдығы аз. Мұндай жағдайларда ас тұзын қабылдауды азайту және калий препараттарын қосымша қабылдау қажет болуы мүмкін. Барлық кортикостероидтар организмнен калийдің шығарылуын арттырады.

*Жарақаттар, улану және процедуралармен байланысты болатын асқынулар:* кортикостероидтар оны қабылдағаннан кейін 2 аптадан соң және 6 ай өткен соң өлім жағдайларының жоғарылау қаупі салдарынан бассүйек-ми жарақатын емдеу үшін *қолданылмауы тиіс*.

*Басқа да сақтандырулар:* глюкокортикоидтармен емдеу кезінде асқынулардың пайда болуы препараттың дозасына және емдеу ұзақтығына, енгізу әдісіне, қабылдау жиілігі мен ұзақтығына (күнделікті немесе күнара) байланысты болғандықтан, шешім пайда мен қауіпті ескере отырып, әрбір жекелеген жағдайда қабылдануы тиіс.

Пациенттің жағдайын бақылау үшін кортикостероидтардың ең төменгі дозасын қолдану керек, ал дозаны төмендету мүмкін болған кезде біртіндеп төмендету керек.

СҮРЗА тежегіштерін, соның ішінде құрамында кобицистат бар препараттарды бірге қабылдау жүйелік жағымсыз әсерлер қаупінің артуына әкелуі мүмкін.

Пайдасы кортикостероидтардың жүйелік жағымсыз әсерлерінің қаупінен асатын жағдайларды қоспағанда, осы препараттардың біріктірілімінен аулақ болу керек, бұл жағдайда пациенттерге кортикостероидтардың жүйелік жағымсыз әсерлерінің дамуына қатысты медициналық бақылау қажет.

Кейде пациенттер үшін "Стероидты препаратпен емдеу картасын" дәрігер құрастыруы мүмкін, онда препараттың егжей-тегжейлі сипаттамасы, оның дозасы, емдеу ұзақтығы және ықтималды қауіптерді азайту үшін қабылдануы қажет сақтық шаралары бойынша нақты нұсқаулар болуы мүмкін.

Кортикостероидтармен, аспиринмен және ҚҚСП-мен біріктіргенде сақ болу керек. Кортикостероидтарды енгізу тері сынамаларына реакцияны азайтуы немесе тоқтатуы мүмкін.

Жүйелік кортикостероидтарды қабылдағаннан кейін *феохромоцитом кризі* өлімге әкелуі мүмкін деген хабарламалар келіп түсті. Феохромоцитомға күдігі бар немесе диагностикаланған феохромоцитомасы бар пациенттерге кортикостероидтарды пайда/қауіп қатынасын тиісінше бағалаудан кейін ғана тағайындау керек.

Глюкокортикоидтар *гиперпаратиреозидизмнің* жасырын кезеңін - паратгормонның күшті өндірілуінен туындаған эндокриндік жүйенің ауруларын немесе олардың ісіктік зақымдануын бүркемелеуі мүмкіні.

*Егде жастағы пациенттерде қолданылуы:*

Егде жастағы адамдарда остеопороз, қан қысымының жоғарылауы, қандағы калийдің төмендеуі, қант диабеті, пептидтік жара, инфекциялар мен тері көріністеріне бейімділік (терінің жұқаруы) сияқты барынша күрделі жағымсыз реакциялар жиі байқалады.

Өмірге қауіп төндіретін жағымсыз реакциялардың алдын алу үшін бұл пациенттер тобына күшейтілген клиникалық бақылау ұсынылады.

Егде жастағы пациенттерге препарат пептидтік ойықжара, остеопороз және терінің жұқаруы сияқты мұндай жағымсыз реакциялардың жоғарғы даму қаупіне байланысты сақтықпен тағайындалуы тиіс.

Метилпреднизолон мен фторхинолондарды, әсіресе қарт адамдарда бір мезгілде қабылдау пациенттерде сіңірдің үзілу қаупін арттырады.

Қан ұюы бұзылған пациенттер дәрігердің қатаң бақылауында болуы тиіс. Қан ұюын төмендететін препараттармен бір мезгілде қолданғанда асқазан-ішек жолдарының ойық жарасының дамуы мен олардан қан кету қаупі артады. Глюкокортикоидтар да қан ұюын төмендететін препараттардың әсерін азайтуы мүмкін.

Жағымсыз әсерлерді азайту үшін Слдерон препаратының толық тәуліктік дозасын адам организмінің кортизол гормонын өндірудің табиғи ырғағына сәйкес таңертең қабылдау қажет.

Гипотиреоз немесе бауырдың ауыр аурулары бар пациенттерге Слдерон препаратының дозасын төмендету керек.

*Қосымша заттар:* препарат құрамында лактоза моногидраты бар, сондықтан сізде тұқым қуалайтын фруктоза көтере алмаушылығы, Ларр-лактаза ферментінің тапшылығы, глюкоза-галактоза сіңуінің бұзылуы бар болса, сізге бұл препаратты қабылдауға болмайды.

*Педиатрияда қолданылуы:* кортикостероидтар кез келген жастағы балаларда өсудің баяулауын тудыруы мүмкін. Кортикостероидтармен ұзақ уақыт емдеген кезде олардың өсуі мен дамуын бақылап отыру қажет.



Ұзақ, күнделікті, екі қабылдауға бөлінген глюкокортикоидты терапияны қабылдайтын балаларда өсу тежелуі мүмкін және бұл режим ең шұғыл және көрсеткіштермен шектелуі керек.

Күнара глюкокортикоидтармен *баламалы күндізгі терапия* әдетте бұл жағымсыз әсерді болдырмауға немесе азайтуға мүмкіндік береді.

Кортикостероидтармен ұзақ уақыт ем қабылдайтын сәбилер мен балалар бассүйекішілік қысымның жоғарылауы қаупіне ұшырайды. Кортикостероидтардың жоғары дозалары балаларда панкреатит тудыруы мүмкін.

*Канцерогенез, мутагенез, фертильділіктің бұзылуы*

Кортикостероидтардың канцерогенді, мутагенді болып табылатынына немесе фертильділікті нашарлататынына ешқандай дәлел жоқ.

*Жүктілік және лактация кезеңі*

*Жүктілік:* кейбір кортикостероидтар плацента арқылы оңай өтеді.

Жануарларға жүргізілген зерттеу нәтижелері ұрғашыларға жоғары дозада кортикостероидтарды енгізу ұрықтың даму ақауларын тудыруы мүмкін екенін көрсетті.

Метилпреднизолонды қолдану кезінде адамның репродуктивті функциясына талапқа сай зерттеулер жүргізілмегендіктен, Слдерон препаратын жүктілік кезінде ең төменгі ықтималды дозада, өте қажет болған жағдайда ғана және ана мен шарана үшін пайда мен қауіп арасындағы байланысты мұқият бағалағаннан кейін ғана қолдану керек. Кортикостероидтар адамда жарық таңдай сияқты туа біткен ақаулардың дамуын жиі тудыратынына дәлелдер жоқ.

Бір ретроспективті зерттеудің нәтижелері кортикостероидтармен ем қабылдаған аналарда салмағы төмен балалардың туылу жиілігінің жоғарылағанын көрсетті. Қолда бар деректер жүктілік кезеңінде метилпреднизолонды қолдану қауіпсіздігін көрсетпеді, сондықтан препарат Слдерон жүктілік кезінде тек өте қажет жағдайларда ғана қолданылады. Жатыр ішінде кортикостероидтардың әсеріне ұшыраған жаңа туған нәрестелердегі бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігі сирек байқалса да, жүктілік кезінде кортикостероидтардың жоғары дозаларын жеткілікті мөлшерде қабылдаған аналардан туған нәрестелер бүйрек үсті безі жеткіліксіздігінің белгілерін уақтылы анықтау үшін мұқият бақылауда болуы керек.

Босану және босанудан кейінгі кезеңге кортикостероидтардың әсері белгісіз. Жүктілік кезінде кортикостероидтарды ұзақ қабылдаған нәрестелерде катарактаның байқалуы туралы деректер бар.

*Емшекпен емізу:* кортикостероидтар емшек сүтімен шығарылады. Емшек сүтіне бөлінетін кортикостероидтар өсуді тежеп, емшек сүтімен қоректенетін нәрестелерде глюкокортикоидтардың эндогендік өндірісіне кедергі келтіруі мүмкін. Метилпреднизолонның тәулігіне 40 мг-ға дейінгі дозалары балада жүйелі әсер тудыруы мүмкін. Аналары

глюкокортикоидтардың дозасын 40 мг-нан жоғары қабылдаған емшектегі нәрестелерде бүйрек үсті безінің қыртысының бәсеңдеуі болуы мүмкін. Кортикостероидтардың адамдардың репродуктивті функциясына әсерін зерттеу бойынша тиісті зерттеулер жүргізілмегендіктен, Слдерон препаратын бала емізу кезінде ана мен шарана үшін пайда мен қауіп арақатынасын мұқият бағалағаннан кейін ғана қолдану керек.

Жүкті әйелдер мен бала емізетін әйелдерге препаратты нақты қажеттілік жағдайында дәрігердің тікелей бақылауымен тағайындау керек.

*Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Кортикостероидтардың көлік құралын басқару немесе жабдықта жұмыс жүргізу қабілетіне әсері зерттелмеген. Препараттың ықтималды жағымсыз реакцияларын (бас айналуы, вертиго, көрудің бұзылуы, шаршау) ескере отырып, бұндай симптомдар пайда болған кезде автокөлікті басқарудан немесе қауіптілігі зор механизмдермен жұмыс жүргізуден бас тарту керек.

## **Қолдану жөніндегі нұсқаулар**

### ***Дозалау режимі***

Слдерон препаратының бастапқы дозасы аурудың ауырлығына байланысты тәулігіне 4-тен 48 мг-ға дейін өзгеруі мүмкін. Бастапқы дозаны қанағаттанарлық реакция белгілі болғанға дейін ұстап тұру немесе түзету керек.

Егер белгілі бір кезең өткеннен кейін клиникалық жауап қанағаттанарлық болмаса, Слдерон препаратын қабылдауды тоқтатып, пациентке басқа емді тағайындау керек.

Дозаның құбылмалы екенін және емделетін ауруға және пациенттің реакциясына байланысты жеке таңдалуы керек екенін атап өткен жөн.

Оң жауаптан кейін талапқа сай клиникалық жауапты сақтау үшін ең төменгі тиімді дозаға жеткенге дейін тиісті уақыт аралықтарында препараттың бастапқы дозасын азғана төмендетумен азайту арқылы демеуші дозаны анықтау қажет. Препараттың дозасын бақылау және үнемі бейімдеу маңызды болып табылады.

Дозаны түзетуді қажет етуі мүмкін жағдайларға мыналар жатады:

ремиссияға немесе ауырсыну процесінің асқынуына қатысты клиникалық жағдайдың өзгеруі, препаратқа жеке реакция, науқастың аурудың өзімен тікелей байланысты емес стресстік жағдайларға бейімділігіне әсері; бұл соңғы жағдайда Слдерон препаратының дозасын пациенттің жағдайына байланысты тиісті уақыт кезеңіне ұлғайту қажет болуы мүмкін. Егер ұзақ терапиядан кейін емдеуді тоқтату қажет болса, онда күрт төмендету емес, біртіндеп төмендету ұсынылады.

### ***Ересектер***

Дозалау бойынша нұсқаулар төменде келтірілген кестеде көрсетілген, бұл бастапқы тәуліктік дозалар. Ұсынылған орташа жалпы тәуліктік доза бір

реттік доза түрінде немесе бөлінген дозалар түрінде берілуі мүмкін (емнің баламалы сызбасын қоспағанда).

Баламалы емдеу тәсілінде Слдерон препаратының ең төменгі күнделікті дозасы екі еселенеді және күнара бір реттік доза түрінде таңертең 8.00-де қабылданады. Доза емді қажет ететін жағдайға және пациенттің реакциясына байланысты. Пациенттің жай-күйі тұрақтандырылған соң дәрігер дозаны азайтуы мүмкін.

**Баламалы күндізгі емнің (БКЕ) артықшылықтары:**

а) кортикостероидтардың қабынуға қарсы немесе емдік әсері организмде препараттың болуына және оның метаболизмге әсеріне қарағанда ұзағырақ сақталады;

б) кортикостероидты таңертең, күнара қолдану гипоталамо-гипофизарлы-бүйрекүсті безі жүйесінің қалыпты қызметін препаратты қабылдамаған күндері қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Жағымсыз әсерлер ең төменгі қолдану кезеңі ішінде ең төменгі тиімді дозаларды пайдалану кезінде барынша азайтылуы мүмкін.

Баламалы күндізгі ем (БКЕ) қарастырған кезде кортикостероидтармен емдеудің негізгі принциптері мен көрсетілімдерін қолдану және БКЕ артықшылықтарын ескеру қажет. БКЕ кортикостероидтармен ұзақ емделетін пациенттерге арналған. Кортикостероидты емдеуді қажет ететін күрделілігі төмен ауруларда емдеуді БКЕ -ден бастауға болады. Ауыр жағдайларда, ауру симптомдарын бастапқы бақылау үшін әдетте препаратты күнделікті қабылдау қажет.

*Балалар:* дозаны дәрігер анықтайды және ол клиникалық жауапқа негізделеді. Емдеуді ең қысқа қажетті уақыт кезеңінде ең төменгі тиімді дозада жүргізу керек. Мүмкіндігінше, баламалы емдеу сызбасын пайдалану керек.

4 мг метилпреднизолон 5 мг преднизолонның, 4 мг триамцинолон мен 0,75 мг дексаметазонның баламасы болып табылады.

Бүйрекүсті безі жеткіліксіздігі кезінде ішке тәулігіне 3 қабылдауға 0,14 мг/кг немесе 4 мг/м<sup>2</sup>, басқа көрсетілімдер бойынша — үш қабылдауға бөлінген ішке 0,417–1,67 мг/кг немесе 12,5–50 мг/м<sup>2</sup>. Мүмкіндігінше, тәуліктік дозаны күнара бір рет қабылдау керек.

	Бастапқы доза	Демеуші доза
<b><i>Ревматизмдік аурулар</i></b>		
<i>Ревматоидты артрит</i>		
ауыр	12 – 16 мг	6 – 12 мг
орташа ауыр	8 – 10 мг	4 – 8 мг

жеңіл дәрежедегі	6 – 8 мг	2 – 6 мг
жасөспірімдер	6 – 10 мг	2 – 8 мг
- диссеминацияланған қызыл жегі	20 – 40 мг	8 – 20 мг
- жедел ревматизмдік қызба	сарысу мукопротеиндері 6 мг% құрағанға дейін және ЭШЖ бір апта бойы қалыпты болып қалғанға дейін дене салмағының әр 450 г-на 0,5 мг	
<b><i>Аллергиялық жай-күйлер</i></b>		
- ауыр маусымдық демікпе	16 - 40 мг	
- ауыр пішен қызбасы	“	
- эксфолиативті дерматит	“	
- жанаспалы дерматит	“	
- туа біткен демікпе	12 - 40 мг	4 – 16 мг
- емделуі қиын аллергиялық ринит	“	“
- жайылған атопиялық дерматит	“	“
- жайылған балалар экземасы	8 – 12 мг	
<b><i>Көздің қабыну аурулары (артқы бөлігінің зақымдалуымен)</i></b>		
- жедел	12 - 40 мг	
- созылмалы	12 - 40 мг	2 - 12 мг
<b><i>Басқа жағдайлар</i></b>		
- адреногенитальді синдром		4 – 12 мг
- ойық жаралы колит	16 - 60 мг	

- лейкопения	12 – 16 мг	
- нефроз	20-60 мг (10-14 күн немесе диурездің пайда болуына дейін)	12-40 мг (6-12 ай бойы аптасына 3 күн қатарынан)

*Егде жастағы пациенттер:* егде жастағы пациенттерді емдеу, әсіресе ол ұзақ болса, остеопороз, диабет, қан қысымының жоғарылауы, инфекцияларға жоғары бейімділік, тері атрофиясы және т.б. сияқты күрделі жағымсыз реакциялар даму мүмкіндігін ескере отырып, сақтықпен жүргізіледі.

***Енгізу әдісі мен жолы***

Ішке қабылдауға арналған.

***Артық дозаланған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар***

Кортикостероидтармен жедел артық дозаланғанда клиникалық синдром жоқ. Кортикостероидтардың артық дозалануынан кейін жедел уыттылық және/немесе өлім жағдайлары сирек кездеседі.

*Симптомдары:* препарат жедел уыттануды туындатпайды. Созылмалы артық дозаланғанда Кушинг синдромының көріністері байқалуы мүмкін, ол семіздікпен, терінің трофикалық өзгерістерімен, шаштың шамадан тыс өсуімен, жүрек-қан тамырлары жүйесінің бұзылуымен, қаңқа сүйектерінің тығыздығының төмендеуімен, жыныс мүшелерінің дамымауымен, иммунитеттің төмендеуімен, мидың метаболизмі мен тамақтануының бұзылуымен, қанның тұз құрамының бұзылуымен, бұлшықет әлсіздігімен көрінеді.

*Емі:* асқазанды шаю, белсендірілген көмір қабылдау, дозаны біртіндеп азайту, қажет жағдайда симптоматикалық және демеуші ем қолдану. Спецификалық антидот белгісіз. Метилпреднизолон диализ кезінде шығарылады.

***Тоқтату симптомы қаупінің болуын көрсету***

«Тоқтату синдромы» даму қаупіне байланысты метилпреднизолонды (Слидерон препаратын) қолдануды күрт тоқтатуға болмайды, препаратты тоқтатуды белгілі бір уақыт кезеңі ішінде біртіндеп жүргізу қажет.

***Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкеріне кеңес алуға жүгіну жөніндегі нұсқаулар***

Препаратты дәрігердің тағайындауымен қолдану керек.

**ДП стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар**

***Инфекциялар мен инвазиялар:*** инфекциялар, шартты-патогенді инфекциялар (иммунитеті қалыпты адамдарда ауру тудырмайтын, бірақ

иммунитеті күрт төмендеген кезде өлімге әкелуі мүмкін қауіпті қоздырғыштар), ішперденің қабынуы (перитонит) † (†перитонит тесілу (асқазан-ішек жолдарының бір бөлігінің жақтауларында тесік пайда болуы), обструкциясы (ішектің бітелуі) немесе ұйқы безінің қабынуы (панкреатит) сияқты асқазан-ішек бұзылыстарының бастапқы белгісі немесе симптомы болуы мүмкін).

**Қан мен лимфа жүйесі тарапынан бұзылыстар:** лейкоцитоз (лейкоциттердің жалпы санының жоғарылауы).

**Иммундық жүйе тарапынан бұзылыстар:** дәрілік заттарға аса жоғары сезімталдық (анафилаксиялық реакция (өмірге қауіп төндіретін жылдам ауыр аллергиялық реакция), анафилактоидты реакция)).

**Эндокриндік бұзылыстар:** Кушинг синдромы, гипофиздің алдыңғы бөлігінің гормондары бөлінуінің бұзылуы (гипопитуитаризм), стероидтарды қабылдауды тоқтату синдромы, гипофиздік-бүйрекүсті осі функциясының бұзылуы, әсіресе стресс кезінде, балалардың бойының өзгеруі.

**Зат алмасу мен тамақтану тарапынан бұзылыстар:** метаболизмдік ацидоз (қан қышқыл реакцияны иеленетін жағдай), натрийдің іркілуі, сұйықтықтың іркілуі, алкалоз (организмнің қышқыл-сілтілік тепе-теңдігінің бұзылуы), гипокалиемия (қандағы калий деңгейінің төмендеуі), дислипидемия (қандағы липидтер мөлшерінің бұзылуы), диабетке бейімділік, инсулинге және пероральді қант төмендететін препараттарға қажеттіліктің артуы, липоматоз, тәбеттің жоғарылауы (бұл дене салмағының жоғарылауына әкелуі мүмкін).

**Психикалық бұзылыстар:** аффективті бұзылыс (оның ішінде жаман көңіл-күй, эйфория, аффектінің тұрақсыздығы, нашақорлық, тәуелділік, суицидтік ойлар), психоздық бұзылыстар (соның ішінде мания, сандырақтау, елестеулер және шизофрения, психоздық мінез-құлық, психикалық бұзылыс, тұлғаның өзгеруі, сананың шатасуы, үрейлену, көңіл-күйдің өзгеруі, қалыптан тыс мінез-құлық, ұйқысыздық).

**Жүйке жүйесі тарапынан бұзылыстар:** эпидуральді липоматоз (жұлын каналының кеңістігінде майлы тіндердің жиналуы), бассүйекішілік қысымның жоғарылауы (көру нервсі дискінің ісінуі кезінде [қатерсіз бассүйекішілік гипертензия]), құрысулар, амнезия (жадыны жоғалту немесе төмендеуі), когнитивті бұзылыстар (ақыл-ойдың жұмысқа қабілеттілігінің және басқа да когнитивті функциялардың төмендеуі), бас айналу, бас ауыруы.

**Көру мүшесі тарапынан бұзылыстар:** субкапсулярлық катаракта, экзофтальм (көз алмасының өлшемі бұрынғыдай қалған кезде бір немесе екі көздің патологиялық үлкеюі), глаукома, хориоретинопатия (пигментті эпителийдің бөлінуімен бірге немесе онсыз торқабықтың нейрoэпителиальді қабатының серозды ажырауымен сипатталатын көру мүшесінің патологиясы), көру қабілетінің бұзылуы.

**Құлақ пен лабиринт тарапынан бұзылыстар:** вертиго (бас айналу).

**Жүрек тарапынан бұзылыстар:** сирек жағдайларда және сезімтал пациенттерде қан қысымының жоғарылауына және іркілісті жүрек жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін электролиттік тепе-теңдіктің өзгеруі.

**Қан тамырлары тарапынан бұзылыстар:** тромбоздық бұзылыстар, қан қысымының жоғарылауы, қан қысымының төмендеуі.

**Тыныс алу, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылыстар:** өкпе эмболиясы (өкпенің қан тамырларының тромбпен бітелуі), ықылдық.

**Асқазан-ішек жолдары тарапынан бұзылыстар:** пептидтік ойық жара (ықтималды тесілумен және қан кетумен асқазан мен он екі елі ішектің ойық жарасы), ішектің тесілуі, асқазаннан қан кету, панкреатит (ұйқы безінің қабынуы), ойық жаралы эзофагит, эзофагит (өңештің шырышты қабығына әсер ететін қабыну процесі), іштің кебуі, іштің ауыруы, сұйық нәжіс, диспепсия (іштің жоғарғы бөлімінің ауыруы немесе жайсыздық сезімі).

**Тері мен тері асты шелі тарапынан бұзылыстар:** ангионевроздық ісіну (терінің және тері асты шелінің, шырышты қабықтардың жедел, кенеттен дамып келе жатқан ісінуі), гирсутизм (әйелдер мен балаларда ерлердегідей типті шаштың шамадан тыс өсуі, терінің осы бөлігіне тән емес, жынысы және/немесе жасына сәйкес келмейтін шаштың шамадан тыс өсуі), петехиялар (терідегі бірлі-жарым нүктелі қан құйылуы), экхимоздар (қанталау, терінің немесе шырышты қабықтың қалыңдығына қан кету, көгеру), тері атрофиясы, эритема (капиллярлық тамырларға қанның шамадан тыс мөлшерінің құйылуы нәтижесінде туындайтын терінің қалыптан тыс қызаруы), гипергидроз (тершендік), стриялардың пайда болуы (терідегі жіңішке, толқынды жолақтар, көбінесе ең үлкен созылу жерлерінде, ені әртүрлі, ақтан қызыл-күлгін (стрия) түске дейін бояуы бар), бөртпе, қышыну, есекжем (тез дамидын, қатты қышитын, күйіктен болатын сулы бөртпеге ұқсайтын, терідегі бозғылт-қызғылт сулы бөртпелер), акне.

**Қаңқа-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылыстар:** бұлшықет әлсіздігі, миалгия (бұлшықеттердің ауыруы), миопатия (бұлшықеттердің біртіндеп атрофиясы мен дегенерациясына әкелетін жүйке-бұлшықет аурулары тобы), бұлшықет атрофиясы, остеопороз (сүйек тығыздығының төмендеуі, метаболизмінің бұзылуы салдарынан олардың сынғыштығының күшеюі), остеонекроз (қанмен нашар қамтамасыз етілгендіктен сүйек тінінің өлуі), патологиялық сыну, невропатиялық артропатия (айқын емес ауырсыну синдромымен буындардың үдемелі зақымдануы), артралгия (кез-келген буын ауруының жалпылама сипаттамасы), өсудің тежелуі.

**Репродуктивті жүйе мен сүт бездері тарапынан бұзылыстар:** тұрақты емес етеккір.

**Жалпы реакциялар және енгізу орнындағы бұзылыстар:** жазылудың бұзылуы, шеткері ісінулер, қажу, дімкәстік.

**Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылыстар:** бауыр ферменттері белсенділігінің жоғарылауы (аланинаминотрансфераза белсенділігінің жоғарылауы, аспартатаминотрансфераза белсенділігінің жоғарылауы).

**Лабораториялық және инструменталды зерттеулер:** көзішілік қысымның жоғарылауы, көмірсуларға төзімділіктің төмендеуі, қан қысымының төмендеуі, зәрдегі кальций деңгейінің жоғарылауы, қандағы сілтілі фосфатаза деңгейінің жоғарылауы, қандағы мочевина деңгейінің жоғарылауы, тері сынамаларына реакциялардың тежелуі>(\*терминнің атауы MedDRA классификациясына қатысты емес).

**Процедуралардан кейінгі жарақаттар, уланулар және асқынулар:** омыртқаның компрессиялық сынуы, сіңірдің үзілуі (әсіресе ахиллов сіңірі).

**Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (іс-қимылдар) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей жүгіну қажет**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ұлттық сараптау орталығы» ШЖҚ РМК  
<http://www.ndda.kz>

## **Қосымша мәліметтер**

### **Дәрілік препараттың құрамы**

Бір таблетканың құрамында

*белсенді зат* - 4 мг немесе 16 мг метилпреднизолон,

*қосымша заттар:* лактоза моногидраты және жүгері крахмалының қоспасы (85 : 15), сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, магний стеараты.

### **Сыртқы түрінің иісінің, дәмінің сипаттамасы**

Дөңгелек пішінді, жайпақ беткейлі, ақ немесе ақ дерлік түсті, бір жағында ойығы және сызығы бар, диаметрі шамамен 8 мм (4 мг доза үшін) таблеткалар.

Дөңгелек пішінді, жайпақ беткейлі, ақ немесе ақ дерлік түсті, бір жағында ойығы және сызығы бар, диаметрі шамамен 13 мм (16 мг доза үшін) таблеткалар.

## **Шығарылу түрі және қаптамасы**



Қызғылт сары түсті поливинилхлоридті/поливинилдихлоридті мөлдір үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға 10 таблеткадан салынған.

2 пішінді қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

### **Сақтау мерзімі**

5 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

### **Сақтау шарттары**

Түпнұсқалық қаптамасында, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецепт арқылы

### **Өндіруші туралы мәлімет**

Balkanpharma-Razgrad AD 68, Aprilsko Vastanie Blvd, 7200, Разград, Болгария

Телефон: (+359 84) 660 999

Факс: (+359 84) 634 272

Эл. пошта: bphraz@antibiotic.bg

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

SPEY MEDICAL LTD., Lynton House 7-12 Tavistock Square, WC1H 9LT, Лондон, Ұлыбритания

Телефон: +44 203 598 2050

Факс: +44 203 598 2055

Эл. пошта: info@spey.eu

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланысу деректері (телефон, факс, электронды пошта):**

"Серheus Medical" ЖШС (Цефей Медикал): 050045, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 7 үй, ЖК «Нурлы Тау», блок 5А, 247 кеңсе.

Телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (тәулік бойы).

Эл. пошта: [drugsafety@evolet.co.uk](mailto:drugsafety@evolet.co.uk)